

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
1 апта (28 - 30 желтоқсан 2020 ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: 

Аманшесова А.Ж

Өтпелі тақырып ««Менің Қазақстаным»

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

Күн тәртiбi	Дүйсенбi	Сейсенбi	Сәрсенбi	Бейсенбi	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтерінкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Дидактикалық ойын: «Жапырақтар» Мақсаты: Бірқалыпты, ерікті дем шығаруға үйрету. Қажетті құралдар: Жұқа қағаздан ойып жасалған сары және қызыл жапырақтар.	Сюжеттік-рөлді ойын. Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	Қимыл- қозғалыс ойын. «Өртті сөндіру» Мақсаты: Икемділіктерін дамытып, кеңістікті бағдарлай білуге үйретіп, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1. Сауат ашу: Тақырыбы: «Ұшты, ұшты!» ойнаймыз. Ұ дыбысы мен әрпі Мақсаты: Сөз/сөйлем сызбасын оқу. Суретті кітаптардан ақпаратты табу (сурет арқылы). Сөз, сөйлем сызбасын құру. Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі. Оқу қызметіне балалардың назарын тарту үшін педагог жағымды атмосфера құрады. Балалар бір-бірлеріне жылы сөздер айтады. Мына сұлу әлемде Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. Балаларға әртүрлі дыбыстар тыңдап, ненің дыбысына ұқсайтынын табады. Дыбыстарды балалар ым-иширамен кайталайды Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Сурет желісімен педагог балаларға сұрақ қояды. Сұраққа жауап беріп, әңгімелейді. Балалар өз ойларын айтады. «Ұшты, ұшты» ойыны ойнатылады. 2-тапсырма. «Айналада не ұшады, не ұшпайды?» деген сұраққа сурет бойынша жауап береді. Ұ дыбысы естілген жануардың атын кайталап, сөздерді буынға бөледі. Ұ дыбысын айтқанда ерінді кішкене дөңгелектеу, тілдің ұшы астыңғы	1. Математика негіздері: Тақырыбы: Ынтымағы жарасқан отбасы. Алдыңғы. Кейінгі. Мақсаты: Кез келген санды бір санға арттырса, одан кейінгі сан шығатынын түсіну. Кез келген саннан бір санды кемітсе, одан бұрынғы (алдындағы) сан шығатынын түсіну. Педагог балаларды өздерінің отбасы туралы әңгімелеулерін сұрайды. «Отбасы» сөзінің мағынасын түсіндіреді. Педагог балалардан отбасы деген не, оның бала өміріндегі маңызы қандай деп сұрайды. Әрбір адам үшін отбасы – бұл бала кезімізден бері бізбен бірге болған туған адамдар. Отбасында адамның жеке басы, оның тәрбиесі қалыптасады. Сондықтан әдетте адамның кім болатынын отбасының қандай болуына байланысты. Балалар педагогпен бірге 20-ға дейін санамақ-әнді орындайды. (Т) Педагог балаларға әліппе-дәптердегі 1-суретке қарауды ұсынады. Балалар отбасы мүшелерін, содан кейін олардың вагондарға орналасу тәртібін атайды. Педагог балаларға сызықпен вагонды оның реттік нөміріне сәйкес келетін цифрмен біріктіруді ұсынады. Әліппе-дәптердегі 2-тапсырманы орындау ұсынылады. Балалар қалдырылған цифрды тауып, оны төмендегі карточкалармен сызып қосып, бояйды. Осы тапсырманы орындау реттік санау және цифрлық бейненің санның	1. Сауат ашу. Тақырыбы: «Ұшты, ұшты!» ойнаймыз. Ұ дыбысы мен әрпі Мақсаты: Сөз/сөйлем сызбасын оқу. Суретті кітаптардан ақпаратты табу (сурет арқылы). Сөз, сөйлем сызбасын құру. Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі. Оқу қызметіне балалардың назарын тарту үшін педагог жағымды атмосфера құрады. Балалар бір-бірлеріне жылы сөздер айтады. Мына сұлу әлемде Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. Балаларға әртүрлі дыбыстар тыңдап, ненің дыбысына ұқсайтынын табады. Дыбыстарды балалар ым-иширамен кайталайды Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Сурет желісімен педагог балаларға сұрақ қояды. Сұраққа жауап беріп, әңгімелейді. Балалар өз ойларын айтады. «Ұшты, ұшты» ойыны ойнатылады. 2-тапсырма. «Айналада не ұшады, не ұшпайды?» деген сұраққа сурет бойынша жауап береді. Ұ дыбысы естілген жануардың атын кайталап, сөздерді буынға бөледі. Ұ дыбысын айтқанда ерінді кішкене дөңгелектеу, тілдің ұшы астыңғы тіске жақындайды ерінді көбірек дөңгелектеу, тілдің ұшы кейін қарай тартылады. Ұ – жуан, дауысты дыбыс.		

тіске жақындайды ерінді көбірек дөңгелектеу, тілдің ұшы кейін қарай тартылады. Ұ – жуан, дауысты дыбыс.

Сергіту сәті.

Педагог балаларды орындарынан тұрғызып, өлең жолдарын қимылмен 2-3 рет айтқызады.

Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп-кішкентай ағаштар
Су құйғанда өседі.

3-тапсырма. Педагог өлең жолдарын оқиды.

Ұ әрпінің бейнесін түсті қағаздармен құрастырады. 4-тапсырма. Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі. Көрдім, ұстадым, алдым.

Көрдім, алмадым, ұстамады. – Балалардың сөзінен не байқадыңдар? (Ойларын айтады). 5-тапсырма. Жұмбақ шешкізеді. Жұмбақтың шешуі: жұмыртқа. Ұ әрпінің нешінші буында тұрғанын тапқызады. Ұ әрпінің баспа түрін жазады. Педагог балалардың белсенділігін талқылай отырып өз білімдерін бағалауын өтінеді.

2. Музыка

1. Тақырыбы: «Айнала ақша қар»

Мақсаты: Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату

Тыңдау: «Бағдаршам».

(Н.Дүкенбаев, С.Дүкенбаев)

Ән айту. «Бағдаршам»

(Қ.Қайым, Ә.Табылды)

Музыкалық ырғақты қозғалыс:

«Айжан қыз» (Құрманғазы)

3. Жаратылстану:

Тақырыбы: Сенің өмір сүруіңе не қажет?

Мақсаты: Адамның өмір сүруіне қажетті жағдайларды білу

Тағы ҰОҚ басталды,

«Бес» алуға аз қалды.

Бәрін айтып жасқанбай,

Риза қылғын басқаны.

Сурет арқылы адамның өмір сүруіне

қажетті жағдайлар, заттар туралы түсінік

беру.

Педагог балаларға «Сенің өмір сүруің үшін

сандық сәйкестігімен беттестіру білімін бекітуге ықпал жасайды.

2.Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: Денсаулық еліне саяхат

Мақсаты: Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану

Шаттық шеңбері

Біздер тату баламыз,

Гүл-гүл жайнап жанамыз.

Жаттығулар жасасақ

Жақсы сергіп қаламыз.

Педагог балаларға дені сау адам көңілді, бақытты болатынын айтады. Адамның ең алдымен денсаулығы

зор болуы керек. «Денсаулық – зор байлық»

дейді халық. ліппе-дәптермен жұмыс:

1-тапсырма. Сурет бойынша әңгімеле. Педагог өлең оқиды.

Жалқаулықты тастаймыз,

Жаттығуды бастаймыз.

Қиынсынып қашпаймыз,

Шынығамыз жастай біз.

– Өлең не туралы?

– Саған дене шынықтыру жаттығулары ұнай ма?

– Саған қандай ойындар мен жаттығуларды орындау ұнайды? 2-тапсырма. Спортқа қажеті құралдарды көк, емдеуге қажеті құралдарды қызыл түспен белгіле.

Сергіту сәті:

Отырайық, тұрайық,

Ал, балалар, бір ауық

Әріп сырын ұғалық.

«А» дегенде отырып,

«Б» дегенде тұралық.

Сымбатты болу да,

Өзіндеріңнің қолыңда. 3-тапсырма. Мына

заттар спорттың қандай түрлеріне

арналған? Олар қалай аталады? Спорт

құралдарын

иесіне сызып қос.

Жаңылтпаштан жаңылмайық:

Цирктегі аңдар

Цитрусты тандар.

Әліппе-дәптермен жұмыс:

Сергіту сәті.

Педагог балаларды орындарынан тұрғызып, өлең жолдарын қимылмен 2-3 рет айтқызады.

Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп-кішкентай ағаштар
Су құйғанда өседі.

3-тапсырма. Педагог өлең жолдарын оқиды.

Ұ әрпінің бейнесін түсті қағаздармен құрастырады.

4-тапсырма. Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі.

Көрдім, ұстадым, алдым.

Көрдім, алмадым, ұстамады. – Балалардың сөзінен

не байқадыңдар? (Ойларын айтады). 5-тапсырма.

Жұмбақ шешкізеді. Жұмбақтың шешуі: жұмыртқа.

Ұ әрпінің нешінші буында тұрғанын тапқызады. Ұ

әрпінің баспа түрін жазады. Педагог балалардың

белсенділігін талқылай отырып өз білімдерін

бағалауын өтінеді.

2.Дене шынықтыру.

«Баскетболшыларды жұп-пен жаттықтыру» (Ауада)
(негізгі қимылдар)

Тепе-теңдік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру. Дәрумендерге бай өнімдермен дұрыс тамақтану туралы әңгімелесіңіз.

«Белгіні тыңда»

Балалармен белгі бойынша қозғалу тәсілдерін келісіп алыңыз:

1 – жүру, 2 – секіру, 3 – еркін қимылдау.

Балалар қол ұстасып жұптарымен бір-бірінің артынан жүреді. Педагогтің белгісі бойынша қолдарын тез түсіріп, бір-бірінен қалмай және озбай қатар жүруді жалғастырады.

«Қайтала» белгісі берілгенде, қайта қол ұстасып

жүруді жалғастырады. Жұппен қозғалыстың

бірдей, үйлесімді болуына назар аударылады.

Жұппен жалпы дамыту жаттығулары тура бағытта

доп домалату. Балалардың бірі өзінен 3 метр

қашықтықтағы сызыққа қарай допты шапшаң

домалатады.

Допты домалата салысымен, қасындағы екінші

жұбы допты сызыққа жеткізбей артынан қуып

жетуге тырысады. Әріп-

тестер орын алмасады. Олардың жұппен қалай

бірге жұмыс істейтініне, әлеуметтік дағдыларына

назар аударыңыз.

Бағытты өзгерте отырып баяу қарқынмен жүгіру

(3–5 мин).

Тынысты қалпына келтіру.

	<p>не қажет?» тақырыбынұсынады. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, өз бетімен ойланады.</p> <p>Берілген тақырып бойынша менің білетінім (Сұрақтар қояды). Өртүрлі құстар бейнеленген суреттер.</p> <p>– Менің білмейтінім не?</p> <p>– Осы тақырып бойынша мен не білгім келеді? (Бақылау мақсаты).</p> <p>– Менде қандай болжамдар туындайды?</p> <p>– Мен қайдан біле аламын? Педагог балаларды басқалардан білуге болады деген түсінікке әкеледі.</p> <p>Балалар басқа да ақпарат көздерін атаулары мүмкін. Бірақ біз әзірше «Басқа адамдарға» тоқталамыз.</p> <p>Адамның өсуі мен жетілуіне қажет мұқтаждықтар</p> <p>«Басқа адамдар» ақпарат көзі</p> <p>Педагог балалардың білімдерін белсендіреді. Мақсатты тұжырымдау.</p> <p>Балалар үлестірмелі дидактикалық материалдардан «өмір сүруге қажетті жағдайлар», «ауаның», «күннің», «судың», «жарықтың», «тамақтың» суреттерін көрсетеді. адамның өмір сүруіне не қажет деп ойлайсыңдар?</p> <p>«Адамның өмір сүруіне не қажет?».</p> <p>Суреттер: су, жарық, қараңғы бейнеленген суреттер «Егер ауа, су, жарық болмаса, не болар еді» Балалардың болжамдары: Жер бетінде тіршілік болмайтын еді.</p> <p>Жұмбақ</p> <p>Жылт-жылт етеді, Жылғадан өтеді.(Су)</p> <p>Әліппе-дәптермен жұмыс..</p> <p>1-тапсырма. Өмір сүруге қажетті және зиянды заттарды атайды. Адам мен жануардың тіршілігін салыстырады.</p> <p>2-тапсырма. Денсаулыққа пайдалы заттардың суреттерін белгілейді. Сендердің әрқайсыларың алдарыңа мақсат қойып, соған жетуге әрдайым ұмтылсаңдар, қол жеткізулерің әбден мүмкін. Ойлаңыздар және айтыңдар, адамның өмір сүруіне қандай жағдайлар қажет?</p> <p>Қорытынды: Адамның өмір сүруіне ауа, су, жарық, жылу, тамақ қажет.</p>	<p>4-тапсырма. Мақалдың мағынасын түсінейік. Денсаулық – зор байлық.</p> <p>Дені саудың – жаны сау Дидактикалық ойын: «Қара да қайтала».</p> <p>Құрал: адамдардың түрлі қалыптағы бейнелері сызылған қағаздар. (Аяқтары бірге, оң қол төмен, сол қол жанына созылған т.с.с.)</p> <p>Педагог ойын барысын түсіндіреді. Әуен ырғағына бәрі билейді. Әуен тоқтаған кезде педагог көр-сеткен сызбаға лайықты әрекеттерді қайталап тұра қалады.</p> <p>Ойын: «Сөйлемді аяқта».</p> <p>Құс ұшады, ал жылан</p> <p>Қыста суық, ал жазда</p> <p>Гантель ауыр, ал мамық</p> <p>Түнде қараңғы, ал күндіз Педагог қорытынды жасайды, балаларды марапаттайды.</p> <p>3. Сурет:</p> <p>Тақырыбы: «Біз спортышым»</p> <p>Мақсаты: Негізгі геометриялық пішіндердің көмегімен қарапайым заттар мен олардың бөлшектерін, сондай-ақ біртұтас сюжеттік желісі бар сурет салу</p> <p>Шаттық шеңберін құрады.</p> <p>Сәлем деймін достарға,</p> <p>Сәлем деймін құстарға,</p> <p>Сәлем деймін ұстазға.</p> <p>Ашық болсын аспанымыз,</p> <p>Тату болып халқымыз,</p> <p>Аман болсын еліміз!</p> <p>Педагог балаларға Олимпиада ойындарының қашан және қайда болғандығы туралы әңгімелейді.</p> <p>Педагог сиқырлы әңгімені тыңдауды ұсынады. Бұл оқиға стадионда болған. Спортшылар спорт жарысына дайындалып жатты. Көп көрермен шақырылған болатын. Бұл туралы сиқыршы әйел біліп қояды. Ол өзін шақырмағандығына қатты ренжиді, сондықтан кек алмақшы болады. Жарыс тамаша достық жағдайында өтті, қазылар жеңімпаздарды анықтады, кенеттен спортшылар стадионнан біртіндеп жоғала бастады. Олар айғайлап ысқырып жатты, алайда бәрі</p>	<p>Қолмен 5 метр арақашықтықты жүру (бір бала екінші балаға лақтыру.</p> <p>Екі қатарға тізіліп тұру.</p> <p>Екі тізе арасына қысылған доппен қос аяқтап секіру.</p> <p>Бірінші қатардағы балалар допты екі тізе арасына қысып, екінші қатардағы балаларға қарай секіріп барады; оларға допты беріп, артпен орнына қайта жүгіріп келеді. Бала-лардың қолды сермей отырып, бір уақытта қос аяқтап бар пәрменімен секіруіне назар аударылады «шеңбер»</p> <p>Құрсаулар шеңберлей қойылады. Ойынға қатысушылар өз құрсауында тұрады (бір құрсауда тек 2 бала болу керек), ал бір бала үлкен шеңбер ортасында тұрады. Белгі берілгенде, «үйі» жоқ бала кез келген құрсауға кіріп, ондағы баламен жұп құрады. Жалғыз қалған бала шеңбер ортасына шығып, ойын жалғасады. Бүкіл ойын бойы бірге болған жұп жеңіске жетеді.</p> <p>3. Көркем әдебиет:</p> <p>Тақырыбы: Президенттік шырша</p> <p>Мақсаты: Шағын өлеңдерді, фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа айту.</p> <p>Сырғанаққа мығымбыз, Шыныққанбыз, шымырмыз.</p> <p>Таудан төмен сырғанап, Біз тебеміз сырғанақ.</p> <p>Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілі неше айдан тұрады? -Қыс мезгілінде қандай мерекені атап өтеміз? Тыныштық сәті:</p> <p>Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. Көз алдарына Жаңа жыл мерекесін, жасыл шыршаға ілінген ойыншықтарды, шыршаны айналып ән айтып жүрген балаларды елестетеді.</p> <p>Жаңа жыл мерекесі қандай тамаша! Көздерін ашады.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>Ә.Табылдының «Жаңа жылым- тамаша!» өлеңін жаттау.</p> <p>Әкелді жыл ырыс-құт, Әлемде той, тыныштық.</p> <p>Жарқын өмір жаңаша, Жаңа жылы тамаша!</p> <p>Қыс туралы түсіндіру.</p> <p>Қыс – жылдың қызықты мезгілі. Жаңа жыл мерекесін бүкіл әлем халқы тойлайды. Жаңа жыл</p>	
--	--	--	---	--

	<p>4.В К. Ұлттық ойындар. Тақырыбы: «Ағаш аяқ» Мақсаты: Балалардың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттерін қалыптастыру. Балалардың жұмыстарын қадағалап, бақылау, көмектесу, мадақтау. Хормен айтады Күлімде күн күлімде Бүлдіршіндер қуансыз Қырдың қызыл гүліндей Қолдарына ту алсын Орындарына отырады Отбасы дастархан басында отыр. Анамыз ожаумен қымыз сапырып, скесеге құйп жатыр. Атаның алдында кесе тұр Өз бетімен жұмыстанады Балалар ереже бойынша өз бетімен жұмыстанады .</p>	<p>бекер еді, спортшыларды марапаттау болмай қалды. Көрермендер қатты жабырқады, ал сиқыршы әйел ойының іске асқанына қуанды. Бірақ мен сендерге құпия ретінде айтайын, сиқыршының сиқырын бұзып, спортшыларды көрінетін етіп, оларды босатуға болады. Суреттерге қараңдар. Қуанышқа спорт түрлерін атауға көмектесіңдер. Досыңмен ақылдасып, мына заттардың не екендігін айт. Проблемалық сұрақ: Біз спортшыларға қалай көмектесе аламыз? Оларды қалай көрінетін етуге болады? Динамикалық үзіліс Мен спортшы боламын, Алтын медаль аламын. Биік-биік тұғырдан, Өз елімді көркейтпін, Көк байрағы желбіреп, Ел алғысын аламын. (қолдарын иықтарына, жандарына қарай көтереді. Кішкентай саусақтан бастап саусақтарын жұдырыққа жұмады.) Қауіпсіз жұмыс жасау техникасы Сабақтағы қауіпсіздік техникасы ережелерін еске түсіріп, атауды сұрайды. Жұмыстың орындалу технологиясы (Жұмысты сатылай орындау ретін түсіндіру). Әліппе-альбоммен жұмыс. Педагог спортшыларды жеңімпаздар ретінде салу керектігін түсіндіреді Геометриялық пішін – тік төртбұрыш көмегімен тұғырды бейнелендер. Спортшыны басынан бастап, сопақша формада сала бастаймыз.</p> <p>4. Орыс тілі: 1. Тема: «Мой день» Цель: Произносить и различать звуки в словах и фразах. Находить мебель в картинках. Организационный момент. Проверь, дружок, Готов ли ты начать урок? Все ли в порядке книжка, ручка и тетрадка? Проверили? садитесь! с усердием трудитесь! Проблемный вопрос. Что такое режим дня? Делают вывод: режим – это распорядок дел, дей -</p>	<p>мерекесінің қонақтары- Аязата мен Ақшақар. Дидактикалық ойын. «Шыршаны құрастыр» Дәптермен жұмыс. Шыршаны безендір. -Жаңа жыл мерекесі сендерге несімен ұнайды? -Жаңа жыл мерекесін қалай қарсы алғыларың келеді? -Аязатадан қандай сыйлық күтесіңдер?</p> <p>4. Мүсіндеу (Заттық мүсіндеу.) Тақырыбы: Ермексаздан жасалған күлдіргі шарлар Мақсаты: Қарапайым көркем образдарды жасау, образды түрлі ұсақ бөліктермен, сәндік элементтермен толықтыра отырып, көңіл-күйін бере білу, олардың ұқсастық-тары мен айырмашылықтарын талдау Талқылау: «Күлдіргі шарлар» дегеніміз қандай кейіпкерлер? Оларды қайдан көрдіңдер? Балалар олардың мультфильм кейіпкерлері екенін және қызықты оқиғалар құрастыратынын айтып береді Ситуациялық жағдай тудыру: Ермек топқа «Күлдіргі шарлар» мультфильміндегі кейіпкерлердің бірінің киімін киген адамды алып келеді. Ол өзінің достарынан көз жазып қалғанын айтып шағымданады. Әліппе-альбоммен жұмыс. Балалар «Күлдіргі шарлар» мультфильмінің кейіпкер-лерінің суреттерін қарап шығады және аттарын атап береді. – Саған қайсы кейіпкер көбірек ұнайды? Неге? Бұл туралы достарыңа айтып бер.</p> <p>Проблемалық жағдайдың шешуі. Қызықтыру мен ынталандыру әдісі: «Күлдіргі шарлар» мультфильмінен үзінді. Ой қорыту: кейіпкерлердің бәрі шар тәріздес пішінде, ашық түсті. Ермек нағыз мультипликаторға айналып, балаларды мультфильм кейіпкерлерін жасауға шақырады. Жұмысқа даярлық. Тәрбиеленушілер тұзды қамырмен жұмыс істейтіндіктен оны әзірлеу жолдарымен танысады. Сондай-ақ тұзды қамырмен жұмыс істегенде нені білу қажеттігінен хабардар болады. Әліппе альбоммен жұмыс. Үлгілерді көрсету. Тәрбиеленушілер мүсіндеу үлгілерімен танысады,</p>	
--	---	--	---	--

		<p>ствий, которые вы совершаете в течение дня. если будешь ты стремиться распорядок выполнять, Лучше будешь ты учиться, Лучше будешь отдыхать. задание №1.</p> <p>Рассмотри картинки, послушай, повтори.</p> <p>что мы делаем утром, днем, вечером, ночью? На - зывает, дети повторяют.</p> <p>задание №2. Назови время суток.</p> <p>Назовите части суток и покажите жестами дейст - вия, которые можно выполнить в это время. Например: потянулись – утро и т.д.</p> <p>стихотворение.</p> <p>славно день прошел, чудесно – Много я всего успел. как же это интересно – Переделать уйму дел. о.уласевич Динамическая пауза «спортивная».</p> <p>задание № 3. расскажи, что делает девочка. раскрась картинку.</p>	<p>мүсіндеу түрлері мен тәсілдерін атап береді. Қамырмен жұмыс істегенде қандай құралдар пайдаланылатынын айтады.</p> <p>Саусақтарға арналған жаттығу: «Кірпі, кірпі, кірпім-ай ...»</p> <p>«Еске түсіру минуты» – ермексазбен жұмыс істеу тәртібі:</p> <p>1. Жұмысқа қажетті ермексаздың түсін таңдап ал. 2. Ермексаздан өзіңе қажеттісін кескішпен кесіп ал. 3. Кесіп алған ермексазды қолыңмен жылытып, жұмсарт. 4. Жұмысты аяқтағаннан кейін құрғақ әрі жұмсақ майлықпен қолыңды сүртіп, содан соң сабындап жу. Таңдауға берілетін тапсырма: Мүсінші Ермек өзі мүсіндейтін кейіпкер таңдауды ұсынады.</p> <p>«Ермексазбен достас» ойын жаттығуы. Ермексазды жұмыс істеуге дайындау.</p> <p>Балалардың өзіндік жұмысы, жеке көмек көрсету.</p> <p>Бөлшектерді қандай тәсілмен бекітеміз (Жағу арқылы).</p> <p>Саусақтарға арналған жаттығу: «Саусақтарға қонаққа барғанда».</p> <p>Өзіндік жұмыс.</p> <p>Балаларға жеке-жеке көмек көрсетіп отыру.</p>		
Алақай ойын! Сюжетті рөлдік, қимылдық және дидактикалық ойындар	Д/О «Жоғары –төменде, биік – аласа » Мақсаты: Жоғары –төмен, биік – аласа ұғымдарын пысықтау.	Д/о «Пішінді құрастыр.» Ойын мақсаты: Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту.	Сюжеттік рөлді ойындар №1 «Киім дүкені» Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.		
« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек	Бақылау №8 Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? Мақсаты: Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүйеге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.	Бақылау №17 Қардағы іздерді бақылау Мақсаты: Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі крест сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілдерін дамыту.	Бақылау №19 Аула сыпырушының еңбегін бақылау Мақсаты: Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула сыпырушы көмектесті. Балалардан аула сыпырушының жаздағы жұмысқа қарағанда қыстағы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау.		
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сурет салудың қарапайым техникасын жетілдіруді жалғастыру	Жазу жаттығулары	Ермексазбен таза ұқыпты жұмыс жасау		

Балалардың үйге қайтуы.	Балаларының оқу іс- әрекетіне көңіл бөлу.	Ата- анамен сөйлесу.Баланың тәртібі жөнінде айту.	Өткен әріптерді қайталату.		
--------------------------------	---	---	----------------------------	--	--